

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
Қазақстан Халық Партиясы  
фракциясының депутаттарына**

*2021 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ ДЗ-340 депутаттық сауалға*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстанның көміртегі бейтараптығына көшу мәселесіне қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлаймыз.

2021 жылдың 31 қазан мен 13 қараша айлары аралығында қазақстандық делегация Ұлыбританияның Глазго қаласында болып өткен COP-26 Климаттық конференциясына қатысты.

Глазго Климаттық пактісі (Glasgow Climate Pact) COP-26 қорытынды құжаты болып белгіленді, онда жаһандық температураны 1,5 градуста ұстап тұру мақсаты белгіленді.

Қазақстан конференцияның келіссөздер процестерінде еліміздің Президенті мәлімдеген 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді және Париж келісімі шеңберінде міндеттемелерді іске асыру жөніндегі шаралар туралы мақсатты растады.

Сонымен бірге, 100-ден астам ел, соның ішінде біздің еліміз де орманды кесуді тоқтату және жерді қалпына келтіру қажеттілігі туралы бастамаға қол қойды.

COP-26 аясында болған және көрсетілген шараларды орындау үшін қазіргі уақытта 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына көшу жөніндегі жобалық офис құрылды, оның құрамына негізгі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары кірді.

Жобалық офистің қызметін талдамалық қолдау үшін тұрақты негізде салалар (энергетика, жылу және электр өндірісі, өндіруші өнеркәсіп, қайта өңдеу өнеркәсібі, көлік, құрылыс, ТКШ, ауыл және орман шаруашылығы, қалдықтарды басқару және т.б.) және қосымша бағыттар (сананың өзгерістерін басқару, ҒЗТҚЖ, энергия тиімділігі және т. б.) бойынша сараптамалық топтар жұмыс істейді.

Аталған офис жұмысының шеңберінде 2022 жылғы 1 шілдеге дейін аяқтау жоспарланып отырған Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі стратегиясының жобасын пысықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұл ретте, Париж келісіміне сәйкес бейімделу жөніндегі ұлттық жоспарлар экономиканың әртүрлі секторлары мен халықтың климаттың өзгеруінің байқалатын және күтілетін салдарына тұрақтылығын арттыру үшін қажет.

БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік конвенциясының хатшылығына климаттың өзгеруіне бейімделуге, парниктік газдар шығарындыларына, климаттың өзгеруі саласындағы қабылданатын шаралар мен саясаттарға және т. б. байланысты мәселелердің кең ауқымын қамтитын екі жылдық баяндамалар (әрбір 2 жыл сайын) және Ұлттық хабарламалар (әрбір 4 жыл сайын) жіберілетінін атап өту қажет.

Бұл құжаттар халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарын, халықты, бизнесті, азаматтық қоғамды, халықаралық ұйымдарды, инвесторларды қоса алғанда, мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін қолжетімді, сондай-ақ қызметті жоспарлау үшін ұлттық компаниялардың, сол сияқты Қазақстанмен ынтымақтасатын шетелдік компаниялардың қызметін жоспарлау үшін пайдаланылуы мүмкін.

**М.а.**

**Р. Скляр**

*Орынд: Еденбаев А.  
Тел: 74-52-15*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам Фракции  
Народной Партии Казахстана  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстана**

*На № ДЗ-340 от 9 декабря 2021 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев депутатский запрос относительно вопроса перехода Казахстана к углеродной нейтральности, сообщаем следующее.

В период с 31 октября по 13 ноября 2021 года казахстанская делегация приняла участие на Климатической конференции COP-26 в г. Глазго, Великобритания.

Итоговым документом COP26 стал Климатический пакт Глазго (Glasgow Climate Pact), в котором определена цель удержания роста глобальной температуры в пределах 1,5 градуса.

В переговорных процессах Конференции Казахстан подтвердил заявленную Президентом нашей страны цель о намерении достичь углеродной нейтральности к 2060 году и мерах по реализации обязательств в рамках Парижского соглашения.

Кроме того, более 100 стран, в том числе наша страна подписали Инициативу по прекращению вырубки лесов и необходимости восстановления земель.

Во исполнение заявленных мер на COP26 в настоящее время создан Проектный офис по переходу к углеродной нейтральности до 2060 года, в состав которого вошли руководители ключевых государственных органов и организаций.

Для аналитической поддержки деятельности Проектного офиса на постоянной основе работают экспертные группы по отраслевым областям (*энергетика, производство тепла и электричества, добывающая промышленность, перерабатывающая промышленность, транспорт, строительство, ЖКХ, сельское и лесное хозяйство, управление отходами и др.*) и сквозным направлениям (*управление изменениями трансформации сознания, НИОКР, энергоэффективность, и др.*).

В рамках работы данного офиса проводится работа по доработке проекта Стратегии Казахстана по достижению углеродной нейтральности до 2060 года, которую планируется завершить до 1 июля 2022 года.

При этом в соответствии с Парижским соглашением национальные планы по адаптации необходимы для повышения устойчивости различных секторов экономики и населения к уже наблюдаемым и ожидаемым последствиям изменения климата.

Необходимо отметить, что в Секретариат Рамочной конвенции ООН об изменении климата направляются двухгодичные доклады (каждые 2 года) и национальные сообщения (каждые 4 года), которые охватывают широкий круг вопросов, связанных с адаптацией к изменению климата, выбросами парниковых газов, принимаемыми мерами и политиками в области изменения климата и т.д.

Данные документы доступны для широкого круга заинтересованных сторон, включая международные средства массовой информации, население, бизнес, гражданское общество, международные организации и инвесторов, а также могут быть использованы для планирования деятельности как национальными, так и зарубежными компаниями, сотрудничающих с Казахстаном.

**И.о.**

**Р. Скляр**

*Исп: Еденбаев А.  
Тел: 74-52-15*